

КИНЕСИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ НЕГІЗІ, ОНЫҢ Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Жылқыбаева М.С.

В статье говорится о национально-культурной основе кинесических компонентов коммуникации, а так же о их проявлении в произведениях А. Кекилбаева.

This article deals with the national-cultural principles of kinetic communicative components and their use in A.Kekilbajev's works.

Белгілі бір ұлт салт-дәстүрінің пайда болуы ұлттың ұлт болып қалыптасуымен байланысты. Қазіргі ғылыми дәлелдеулерге сүйенсек, қазақ ұлтының алғаш пайда болуы XIII-XIV ғасырларда басталды деген пікірлер бар. Олай болса, сол дәуірден бері қарай қазақтың көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қалыптасып, дамыды. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің дәуірімізге жетті.

Әрине, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы болады. Олар сол халықтың ерекше белгісі болып сақтала береді. Бір халықтың әдет-ғұрпынан екінші бір халықтың әдет-ғұрыптарының айырмашылық тұстары мен ұқсастық жақтары да болады. *Бата жасау, сәлем салу, жоқтау, қамшы тастау, малдас құрып отыру* сынды қимылдар ұлттық танымға жатады.

Ұлттық болмыс-бітім адам мінезінен, іс-әрекетінен ерекшелене көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлттық мінез-құлық сол ұлтқа тән қызуқандылық, рухани сапамен ерекшеленіп, көзге түседі. Сонымен қатар ұлттық әдет-ғұрыптар тілдік тұрғыдан да, тілге жатпайтын, яғни кинесикалық құрал ретінде де тілімізде көрініс тауып отырады.

Осындай әдет-ғұрыптық сипатқа ие кинесикалық амалдардың бірі – *қамшы тастау*. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің, талапкерлердің дау-шар кезінде сөз сұраған белгісі болып саналады. Дау-жанжал, ақылдасу сәттерінде ер адам бір тізерлей отырып, қамшысын бүктеп, жерге қадаса, бұл бітімге келушілік белгісін аңғартқан. Қамшы өте ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан құрал. Сондықтан қамшы төңірегінде айтылатын әдет-ғұрып, салттық ерекшеліктер жиі кездесіп отырған. Сондай-ақ ертеректе «үйге қамшыны бүктеп алып кіру» әдептілікті байқатады деп есептеген. Ә. Кекілбаев шығармаларында

кездесетін *қамшы тастау* амалы да осы айтылған мағыналарда ұшырасады: Құдай қазақтың қолына *қамшыны шарта жүгінген билердің алдына көлденең тастап*, «Кессен, бас міне!» –деп мүләйімсіп мүлгіп отыру үшін ұстатқан сияқты (3-том,253-б). Шеткерірек отырған Әбілқайыр қолындағы *қамшысын жұртқа көрсеткісі келгендей, төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады* (3-том,340-б). *Қамшысын ортаға тастамай* қойшы сөйлер, қойманшы сөйлер, ал өзін сыйлайтын ер азамат жағын ашпайды. *Қамшысын алғаның* –«қадірің жоқ қаңғырмасың» дегенің (3-том,346-б).

Халқымыздың өте ертеден келе жатқан ұлттық салт – дәстүрлерінің бірі – *бата беру*, ізгі тілек білдіру деуге болады. «Сөз арқылы жаратушыға жалынып, жалбарынып ықпал етуге болады» деп түсінген ата – бабаларымыз *«Жаңбырмен жер көгереді, батаменен ер көгереді», «Көп тілеуі – көл»* деген ой – пікірді уағыздап, кейінгі ұрпағына ықылас білдіріп, ақ ниетпен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Бата сөзі – бір жағынан, халық шығармаларына жататын тілі көркем, мазмұны келісті сөз үлгісі болса, екіншіден, тәлім – тәрбиелік мәні айрықша байырғы мұрағаттардың бірі. Халқымыздың бата беру салты, үшіншіден, сөз әдебі деген аса жоғары да мәнді ережеге жатады. Бата-тілек білдіру тұрмыс салтымызда өміршең болғандықтан осы күнге дейін қолданылып келеді.

Бата сөздің мазмұны ақ тілеу, жақсы ниет мегзейді. Мұны ақ бата немесе оң бата деп атайды. Оң бата берерде адам екі алақанын алға қарай жайып тұрып, ақ тілегін, адал ниетін айтып, қос қолымен бетін сипайды. Бата оқылған кезде үлкендер жас ұрпаққа амандық тілеп, адамгершілік пен имандылыққа бейімдеп, тәлім-тәрбиенің жолын көрсеткен. Қаламгер шығармаларында бата беру дәстүрі молынан ұшырасады. Мысалы, Әбілқайыр шарта жүгініп отырып *қолын жайды. –Мерейі асқай, несібесі тасқай. Әллауакпар! – деп бетін сипады.* Үй-ішіндегілер түгел *беттерін сипады* (3-том,232-б). Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, *қолын жайып бата қылды* (3-том,186-б). Жеңіске *бата беріліп, қол жайылды* (3-том, 366-б). Тақуалықтары қыстап бара жатқандай, *қолдарын жайып ағарғанға бата қылды* (4-том,381-б). Немесе құдай жолына құрбандыққа, я қонақ асына мал сойғанда үлкен кісілер бата береді: Мұқамбетжан қожа құбылаға жүгіне отырып, *құдай жолы боз биені қабыл қыла көр деп бата оқыды. Жұрт беттерін сипасты* (3-том,342-б).

Батаның екінші түрі –теріс бата. Бұл риза болмағанда айтылады. Мұндай кезде қатты ренжіген адам, екі алақанын теріс қаратып тұрып, ауыр-ауыр сөздер айтады. Екі қолын теріс қаратып бата беру қазақ халқының танымында ер адамдар қолданысында кездеседі.

Қазақ халқының ұлттық- мәдени ерекшелігін танытатын бейвербалды амалдардың бірі – киім-кешек. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын т.б.

аңғаруға болады. Осыған байланысты ер адамның және әйелдердің киімі, бойжеткен мен күйеуге шыққан әйелдердің киімі т.б. деп жіктелген.

Енді сол халықтың күнделікті тұрмысында қолданылып отыратын амандасу және т.б. қимыл түрлері де ұлттық дәстүрлердің бір сынығы болып саналады. Қазақ халқындағы сәлемдесу рәсімдері күрделі. Оның еленіп жататын жүйелері бар. Киім адамның жас ерекшелігі, әлеуметтік ортасы туралы хабар бере келіп, коммуникативтік қызмет атқарады. Мысалы, ертеректе қазақ халқы тымағына қарап қай жүздің, қай рудың адамы екенін тани білген. Қазақ халқы бас киімді этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Қарым-қатынас жағдаяттарында біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп, оның аяғына тастап, кешірімін алған. Осындай кинесикалық амал кешірім сұрау ретінде қолданылған. Сонымен қатар бөрікке байланысты «бөркінді теріс киме» деген тыйым бейвербалы бар. Сондай-ақ «бөркін аспанға ату» кинемасы адамның қатты қуану әсерінен туған: «Дүмпуімізге шыдай алмады. Аузымызды ашқанымызша қолымызға ұстата салды», –деп *бөріктерін аспанға атып лепіріп барар* (3-том,330-б).

Осындай ұлттық-мәдени негіздегі кинесикалық амалдарды шығармаларында қолдану – жазушы шеберлігінің бір қыры. Көріп отырғанымыздай, жазушы салт-дәстүрлік негіздегі кинесикалық амалдарды қолдана отырып, халық өмірінің шындығын берумен қатар, оның ұлттық ерекшеліктерін де бейнелеп көрсетеді

Қазақ халқының ұлттық-мәдени танымының бір негізі –тыйым салынған сөздер. Жылдар бойы ауызша тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан тыйым салынған сөздер –тәрбиенің көзі. Тыйым сөздердің қай-қайсысы болмасын ізгілікке, адалдыққа, қайырымдылыққа, сақтыққа, обал-сауапты айыра білуге тәрбиелейді.

Бір халықтың кинесикалық жүйесі екінші бір халықтың кинесикалық жүйесіне ұқсауы да, айырмашылықтары болуы да мүмкін. Бұл жөнінде Г.В.Колшанский: «Әр халықта кездесетін ым-ишаралар өз алдына бөлек мағыналармен түсіндіріледі. Мысалы, орыс халқында *бас шұлғу* мақұлдау белгісі болса, болгар ұлтында бұл кинема келіспеушілік белгісі», -деп тұжырымдайды (1.67). Мәселен, ата бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына айтып кеткен әрбір тыйымында терең мағына, мол тағылым жатыр. Қазақ халқында тізені құшақтау –жалғыз қалудың, бетін басу –жаман хабар естігеннің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі болып табылса, ал мұндай кинесикалық амалдар (тізені құшақтау, қолды төбеге қою, бетін басу, табалдырыққа шығу, есікке керілу т.б.) өзге халықтарда басқа мағына беруі де немесе мүлде мағына бермеуі де мүмкін. Сондықтан әрбір ұлт кинемасы этнос ерекшеліктерінің белгісі болып табылады.

Осы орайда қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші –кинесикалық амалдардың когнитивтік (танымдық) мәнін

айқындау арқылы ұлтымыздың дүниетанымын, мәдениетін, ой-санасын саралап тани аламыз. Кинесикалық амалдарды тек қана семантикалық аспектіде қарастыру – олардың табиғатын ашып, тереңірек тануда жеткіліксіз болуы мүмкін. Сол себепті кинесикалық амалдардың танымдық қырын анықтауда олардың құрылымдық ерекшеліктерін қарастырудың да айрықша мәні бар. Кинесикалық амалдардың мағынасын түсінуде олардың жасалуына негіз болатын уәждерді білу маңызды. Бүкіл бір этностың дүниетанымдық көзқарасы мен дәстүрлі мәдениеті бейнеленген кинесикалық амалдардың танымдық табиғатын тану үшін оларға мағыналық, құрылымдық жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Қарым-қатынастағы кинесикалық амалдардың мән-мағынасын терең түсіну кезінде сол бейнелі ұғым-түсініктерді көз алдымызға елестетуіміз керек. Мысалы, артынан топырақ шашу, бетін сипау, шашын жұлу, иіліп сәлем ету т.б. кинемаларды алып қарасақ, бұлардың бәрі де ұлттық негізде пайда болған. Сондықтан да олардың мән-мағынасына терең бойлап, толық түсіну үшін қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін жақсы білу керек. Шынында да, кез келген кинесикалық амалдардың мағынасын түсіну барысында коммуниканттар арасында ол туралы ұғым болуы керек. Бұл, әсіресе, тыйым ретінде кездесетін кинесикалық амалдардың мәнін ұғыну үшін қажет. Мысалы, бүйірді таянбайды. Себебі жақын адамы қайтыс болғанда, жоқтау айтып жылаған әйел қажығаннан бүйірін таянған.

Жуған қолды сілкуге болмайды, ырыс-несібе кетеді.

Тізені, табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады.

Тыйым ретінде кездесетін кинесикалық амалдардың мән-мағынасын түсіну үшін оның о бастағы әр алуан уәждерін білу керек. Кинесикалық амалдардың астарлы мағынасын түсіну дегеніміз сол тілді терең түсіне аларлық аялық білімнің болуына келіп тіреледі.

Қазақ халқының кинесикалық амалдары – ел тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан аса мол дерек беретін қайнар көздердің бірі.

Тілді біліп қоймай, оны түсіну үшін этностың мәдениетін, тарихын, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білу керек.

Тыйым атаулыны толық түсіну үшін оны мән-мағыналық ерекшеліктері бойынша саралап қарау қажет.

Түркі тектес қазақ, қырғыз т.б. халықтардың тыйымдары жөнінде кезінде Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов Ә.Диваев сынды ғалымдар құнды мәліметтер қалдырған. Қазақ халқының ескі нанымдарымен байланысты тыйымдар жөніндегі бағалы деректерді академик Ә.Марғұлан, Ә.Қайдаров, Х.Арғынбаев т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Белгілі қаламгер-

ғалым А.Сейдімбек қазақтың дәстүрлі тыйымдарын үш топқа бөліп қарастырады:

- 1) адамға қатысты тыйымдар;
- 2) қоғамға қатысты тыйымдар;
- 3) табиғатқа қатысты тыйымдар (2.106)

Адамға қатысты тыйымдар жеке адамның тікелей өз басына ғана қатысты. Мәселен, «тісіңді қайрама», «аузыңды керме» т.б.

Қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне байланысты тыйым-кинесикалық амалдар: ауылға шауып кірме, босағаға сүйенбе, есікті керме, дастарханды аттама, жер таянба, молаға қарай жүгірме т.б.

Ә.Кекілбаев шығармаларында тыйым ретіндегі кинесикалық амалдар көп болмағанмен, ұшырасып қалады. Сондай кинесикалық амалдардың бірі – *тізесін құшақтамау*. Қандай жағдайда адам қу тізесін құшақтайды? Үмітпен өсірген ұлы, әлпештеп өсірген қызы шейіт болып, ұрпақсыз, тұлдыр қалған жан қу тізесін құшақтау арқылы өзінің ұрпақсыз қалғанын, «қу тіземнен басқа құшақтайтыным қалмады» дегенді сездірген. Мысалы, Әмірші шешесінің өлердегі аманатын бұза алмай ала салды, тақтан түспегенмен, тұғырдан түскелі отырған кәріге тиген бейбақтың енді етегі қанап, бала сүйе қоймағы да екіталай, жаман айтпай жақсы жоқ, Әмірші әлдеқалай болып кетсе, *қу тізесін құшақтап, жалғыз қалады...*(3-том,118-б). Мысалда, баласы жоқ, күйеуі өлген жағдайда жалғыз қалатын әйелдің бейшара кейпі туралы айтылып тұр.

Қазақ халқында «шашыңды жұлма», «бетіңді тырнама», «шашыңды жайып жүрме» деген тыйымдар бар. Бұл кинесикалық амалдар тек әйел адамдар қарым-қатынасында кездеседі. Қаралы, қайғылы, зарлы әйел ғана шашын жайып (кейде жұлып) жіберіп, екі бетін тырнап қан жоса қылған. Сондықтан қазақ шашты жұлу, бетті тырнау үлкен қасіреттің белгісі деп білген. Төмендегі мысалда жаны азапқа түскен, іштей күйзелген жан азабынан арылу үшін өзін-өзі жазалағысы келген әйелдің жан айқайын көруге болады: Дүниеде бұндай тірі аруақ, тұл бейбақ бар дейсіңбе? Соны ойлағанда *өз бетін өзі тырнағысы, өз шашын өзі жұлғысы*, мынау түк білмегендей тымсырайып тұрған *тас қабырғаға өз басын өзі ұрып*, мылжа-мылжасын шығарғысы келді (3-том,151-б).

Сонымен, әр ұлттың ерекшелігі этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Ол кинесикалық амалдар арқылы орындалады, толығыады. Және мұндай амалдар. Этностың мәдени-менталдық ерекшеліктерін, болмысын ашады.

Әдебиеттер:

1. Николаева Т.М. Жест и мимика лекции. Москва: Наука, 1972. -35с.
2. Сейдімбек А. Тиым // Ана тілі, 1995. -6-7б.
3. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Өлке, Т.3 ,Т.4, 1999. -400б.

